

XX ғасырдағы Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихы – қазақ халқының этникалық, мәдени және саяси тұрғыдан бірегейлігін сақтап қалу жолындағы әрекетінің жарқын мысалы. Диаспораның өмірі көбінесе сыртқы саяси өзгерістерге тәуелді болды, бірақ қазақтар өздерінің ұлттық мәдениетін сақтап қалуға бар күш-жігерін салды. Қытайдағы қазақтардың өмірі ішкі және сыртқы саясаттың әсеріне қарамастан, олардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға кедергі болмады. Бұл диаспораның тарихы қазақ халқының ерік-жігері мен төзімділігінің дәлелі болып табылады[3].

XX ғасырдың соңында Қытайдағы қазақ диаспорасы жаңа кезеңге аяқ басты. Экономикалық реформалар мен этникалық азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясаттың өзгеруі қазақтардың жағдайын жақсартуға септігін тигізді. Олар өздерінің мәдени және діни құқықтарын қалпына келтіріп, ұлттық болмысын жаңғыртуға мүмкіндік алды.

Қазақтар Қытайдың социалистік жүйесіне бейімделуге мәжбүр болды. Олардың жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрылып, кейбір қазақтар үкіметте қызмет атқарды. 1950 жылдардың соңында Қытайда жүргізілген “Үлкен секіріс” саясаты және 1960 жылдары басталған Мәдени революция қазақтардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлеріне ауыр соққы болды. Мәдени революция кезінде қазақтардың білім беру жүйесі, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптары шектеуге ұшырады. Бұл кезеңде Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік және мәдени өмірі айтарлықтай нашарлады. Қазақ тілін еркін қолдану мәселесі шектеулерге тап болды[4]. 1960 жылдардағы Мәдени революция Қытайдағы көптеген этностардың, оның ішінде қазақтардың да ұлттық мәдениетін жоюға бағытталған саясат жүргізді. Дегенмен, 1976 жылы Мао Цзедунның қайтыс болуынан кейін жағдай біршама жақсара бастады. Қытай үкіметі этникалық азшылықтарға қатысты саясатын жұмсартып, қазақтардың мәдени және діни құқықтарын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді[4].

1978 жылы басталған экономикалық реформалар қазақтар үшін де оң өзгерістер әкелді. Бұл кезеңде қазақтардың мал шаруашылығын дамытуына, ұлттық мәдениетін жаңғыртуына жол ашылды. Қазақтар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін қайта жаңғыртып, қазақ тілін үйрету, ұлттық мерекелерді атап өту мүмкіндігіне ие болды. Қытайда қазақ тілінде оқытатын мектептер мен мәдени орталықтар ашылды. Дегенменде, урбанизация процесі қазақтарды қала өміріне бейімделуге мәжбүрледі дейді Бенсон, Л; Сванберг И. (1988) Шыңжаңдағы қазақтар, Қытай қазақтары: этникалық азшылық туралы очерктерінде. [4].

Қытайдағы қазақ диаспорасы XX ғасырда күрделі және қайшылықты тарихи процестерді бастан кешірді. Қоныс аударудың алғашқы кезеңдерінде қазақтар өздерінің дәстүрлі тұрмысын сақтағанымен, кейінгі саяси өзгерістер олардың ұлттық ерекшеліктерін сақтауын қиындатты. Әсіресе, 1949 жылы Қытай Халық Республикасының құрылуынан кейін қазақтардың өмірі социалистік жүйенің әсерімен өзгерді. Мәдени революция қазақтардың ұлттық болмысына ауыр зардап тигізсе де, 1980 жылдардағы реформалар олардың мәдени және экономикалық дамуына жол ашты. Қытайдағы қазақтардың болашағы этникалық азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясатқа, сондай-ақ олардың өздерінің ұлттық бірегейліктерін сақтауға деген ұмтылысына байланысты болды. Қытайдағы қазақтардың өмірі тек қоныс аударумен ғана шектелмей, олардың ұлттық болмысын, мәдениетін және тілін сақтап қалу жолындағы әрекетімен тығыз байланысты болды. Қазақтар Қытайға көшкен соң, өздерінің дәстүрлі тұрмыс салты мен мәдениетін сақтап қалуға тырысады, бірақ Қытай үкіметінің саясаты олардың өміріне елеулі әсер етті. Қытайдағы қазақ диаспорасы, әрине, түрлі саяси кезеңдердің ықпалымен өзгерді, бірақ олардың ұлттық болмысы мен мәдениетінің негізі сақталды. Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихы қазақ халқының ерік-жігері мен төзімділігінің айқын дәлелі болып табылады.

Қысқаша айтқанда XX ғасырдағы Қытай жеріндегі қазақ диаспорасы өздерінің этникалық және мәдени бірегейлігін сақтай алды. Қытай Халық Республикасы(ҚХР) тарапынан шектеулер болғанымен кейіннен автономиялық құқықтар мен қазақтардың өзара ынтымақтастығы олардың мәдениетін және дәстүрлерін сақтап қалып оны дамытудың негізі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бенсон Л., Сванберг И.«Казахи Китая: очерки по этническому меньшинству» -Алматы, 2005.
2. Абызов Н. М. «Қытайдағы қазақ диаспорасы: тарихи кезеңдер және мәселелері». -Алматы, 2006.
3. Иманалиев Ж.«Шыңжаңдағы қазақтардың қоғамдық-экономикалық жағдайы (XIX-XX ғасырлар)». - Алматы, Дайк-Пресс, 2005.
4. Аманжолов К.«Қытайдағы қазақтардың саяси және мәдени өмірі». -Алматы, 2005.

## **XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ**

Молдаш А.Қ

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., асс.проф Туякова А.Е

Астана Халықаралық Университеті

[a.neliya@mail.ru](mailto:a.neliya@mail.ru)

Астана қ

Негізінен орыс деректері Қазақ хандығы тарихын зерттеулерде басты тарихи материалдарды қамтиды, солардың ішінде орыс зерттеушілердің еңбектері маңызы зор болып келеді. Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін, сол кездегі көршілес немесе басқа елдердің зерттеулері отандық тарихи зерттеулерден ерекшеленеді. XVIII-XIX ғасырлардағы Ресей империясының жасаған экспедициялары нәтижелері біздің тарихнамаға құнды деректер қалдырып кетті, қазіргі уақытта орыс деректері ауқымды болған үшін оның ішіндегі шындыққа негізделген деректерге және зерттеушілерге сүйініп олардың еңбектерін зерделеу қажеттілік әлі де өзекті мәселелердің бірі болып танылады. XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы туралы тарихнамада қазақ және шетелдік зерттеушілерге қарағанда орыс зерттеушілерінің еңбектерін көбірек кездестіруге болады. Демек, Ресей империясының зерттеушілерінің көбінің мақсаты Қазақ хандығы туралы этникалық, этнографиялық мәліметтер жинап, оның негізінде отарлау саясатын жасауда. Көптеген орыс зерттеушілердің еңбектері Қазақ хандығы туралы негізгі мәліметтерді қарастырып кетті.

Мақаланың мақсаты, XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы туралы Ресей империясының зерттеулерін, материалдарын қамту және талдау жасау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды, XVIII-XIX ғасырлардағы орыс деректеріндегі Қазақстанға шолу жасау; орыс деректеріндегі зерттеушілердің орнын анықтау және XVIII-XIX ғасырлардағы Ресей патшалығының құжаттарындағы деректерді талдау.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Ресей мен Батыс Еуропаның кейбір елдерінің ғалымдары қазақ халқының аумағын, тарихын, мәдениетін, тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттей бастады. Бұл аймақтың алғашқы зерттеушілерінің бірі Сібір халықтары мен олардың жерлерінің қырлары туралы сипаттама берген, ғылыми еңбегін жазған орыс картографы С.У. Ремезов болды. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда И.Д. Бухгольц, С. Лихарев, И. Унковский және басқа да ғалымдардың экспедицияларының зерттеу жұмыстары істеді [1, 76 б]. Олар Ертіс өзенінің аңғарын Зайсан көліне, Тарбағатай таулары мен Алатау сілемдер жерлерін зерттеді.

А.Б.Черкасскийдің ғылыми экспедициясы Арал және Каспий теңізінің аумағын картаға түсірді, сондай-ақ қазақтар туралы кейбір этнографиялық мәліметтерді жинады. Хиуа ханның шапқыншылығы нәтижесінде Бекович Черкасский экспедициясы сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, бұл Ресей ғалымдарының Орталық Азия мен Қазақстанды зерттеуге деген ұмтылысына әсер еткен жоқ еді. XVIII ғасырда Ресей қабылдаған Қазақ хандығын кешенді зерттеудің алғашқы әрекеттерін М.В. Ломоносовтың есімімен байланысты болды. Ол аймаққа ғылыми экспедициялар ұйымдастырудың және оның географиялық карталарын құрудың бастамашысы болды.

1768-1774 жылдары Қазақстанға осындай экспедициялардың бірін академик, П.С. Паллас басқарды. Бұл ғылыми экспедицияның жұмысына белгілі ғалымдар, саяхатшылар И. П. Фальк және И. Г. Георги қатысты. Экспедиция бағыты Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жерлері арқылы өтті. Бұл жұмыстың нәтижесі П.С. Палластың "Ресей империясының әртүрлі провинцияларына саяхат" үш бөлімнен тұратын жұмысы болды. Мұнда қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы құнды материалдар қалдырған. Зерттеуші И.Г. Георгийдің "Ресей мемлекетіндегі барлық өмір сүретін халықтардың сипаттамасы, сондай-ақ олардың күнделікті әдет-ғұрыптары, сенімдері, тұрғын үйлері, киімдері және басқа да ескерткіштері" деп аталатын жаңа кітабы шықты. XVIII ғасырда Қазақстанды зерттеуде ерекше із қалдырға, ірі маңызды екі академиялық экспедициялар жүргізілді. Осы экспедицияға қатысушылардың бірі Г. Миллер, 1759 жылы "Сібір патшалығының сипаттамасы" кітабын шығарды.

П. Паллас осындай қорытындыға келді: "қазақтардың байлығы мал шаруашылығында шоғырланған, ал олардың жылқылары мен қойлары өте көп, түйелер әлдеқайда аз, ал сиырлар одан да аз, өйткені оларды әдеттегі тамақсыз бағу мүмкін емес" деген [1, 85 б], И. Фальк қазақтардың мал шаруашылығы туралы былай деп жазды: "қырғыздардың жалпы қабылданған жалғыз кәсібі мал шаруашылығы болып табылады, олар жақсы малдың сансыз семіз табындарына иелік етеді" деген [1, 48 б]. Қазақ дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін сипаттап құнды материалдарды қалдырып кетті, бұл қазақтардың көшпенді тұрмысын зерттеуге әкелген жұмыстардың бірі.

XVIII ғасырдың аяғында орыс офицері И.Г. Андреевтің "Қырғыз-қайсақ ордасының сипаттамасы" еңбегі жарық көрді [1, 203 б]. Ол ұзақ уақыт Сібір шекара сызығында қызмет етіп және жергілікті халықтың өмірімен жақсы таныс болды. Бұл кітапта ол орта жүздің тарихы мен шекаралары туралы толық мәлімет қалдырып кетті. Экспедицияның басқа қатысушылары сияқты И. Фальк өзінің этнографиялық жазбалары қазақ этнографиясы туралы ең дәл және толық болып саналады. Академиялық экспедицияның басқа қатысушыларынан 1772 жылы Н.П. Рычковтың "капитан Николай Рычковтың 1771 жылғы қырғыз-қайсақ даласындағы саяхатының күндізгі жазбалары" еңбегі айтуға болады. Орыс офицері, Өскемен бекінісінен генерал-майор А.Д. Скалон алғашқы бірегей орыс-қазақ сөздігін жасады.

XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы туралы орыс дереккөздері формасы жағынан да, мазмұны жағынан да әр түрлі болды. Осы кезеңдегі тарихи дереккөздердің үлкен тобы өткен оқиғаларға қатысқан куәгерлердің, саяхатшылардың, патша және жергілікті шенеуніктердің публицистикалық және ғылыми материалдарынан тұрады.

А.И. Левшин, Ф.И. Лобyseвич, Л. Мейер, Н.М. Красовский, Л. Костенко, И.Г. Андреев және басқалардың еңбектерінде Қазақ хандығы аумағында жүргізіліп жатқан әкімшілік-саяси реформалардың негізгі ережелеріне талдау, өмір салты мен тұрмыс ерекшеліктері, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы мәліметтер жинақтаған және зерттеген [1, 345 б]. Бұл ғалымдардың жұмыстары Ресей империясының құрамындағы Қазақ

хандығы аумағында тарихи іс-әрекетті қалпына келтіру үшін маңызды, алайда, бұл материалдар сыни талдауды қажет етеді, өйткені көптеген оқиғалар мен фактілердің сипаттамалары субъективті көзқарастар мен тұжырымдармен сипатталды.

И. И. Крафттың жұмысы осы бірқатар орыс зерттеушілерінде ерекше орын алады. Ол Қазақстанда он жылға жуық өмір сүріп, жұмыс істеді, сондықтан өлкеде болып жатқан барлық өзгерістер туралы жақсы білді. Ол біраз уақыт "Торғай газетін" редакциялап, жергілікті халықтың тұрмысын зерттеді. И.И. Крафттың тікелей Қазақстан тарихына арналған еңбектерінің бірі "Дала облыстарының қырғыздары туралы заңдар жинағы" болып табылады [2, 67 б]. Бұл жұмыс XVIII ғасырдың ортасында Қазақстан аумағына қатысты заңнамалық құжаттарды тақырыптауға бағытталған алғашқы әрекеттердің бірі болып табылады. XVIII ғасыр басы мен XIX ғасырдың аяғында бұл жұмыс "қырғыздардың орыс азаматтығын қабылдауы" атты қысқаша тарихи эссені, түсіндірмелері мен толықтырулардан тұрды, "Дала облыстарын басқару туралы" ережені, "Түркістан өлкесін басқару туралы" ережені қамтиды. Өзінің зерттеу мақсатын анықтай отырып, И.И. Крафт былай деп жазды: "қысқаша тарихи эсседе соттың осы кең шегінде біртіндеп қамауға алу және қырғын жасау, сот реформасының маңыздылығына қатысты өз көзқарасын білдіру, бұл аймақтағы бар таптық, халық соты деп аталатын кемшіліктерге байланысты" деген [2, 21 б]. И.И. Крафт сот ісін жүргізуге қатысты дала облыстары мен Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережелердің баптарын қарастырады. Ол өз жұмысында 1898 жылғы 2 маусымдағы "Түркістан өлкесі мен Дала облыстарында сот бөлімін құру туралы" уақытша ережелерге талдау жасайды [2, 81 б]. И.И.Крафттың "Қырғыз көне дәуірінен" тағы бір еңбегі қазақ қоғамының құрылымы мен тұрмысына қатысты мақалалар мен жазбалар жинағы болып табылады.

И.И.Крафттың "Қырғыз көне дәуірінен" тағы бір еңбегі қазақ қоғамының құрылымы мен тұрмысына қатысты мақалалар мен жазбалар жинағы болып табылады. Жұмыстың бірінші бөлігінде И.И. Крафт Торғай облыстық басқармасының мұрағатынан тапқан Екатерина II-нің жарияланбаған жарлықтары жарияланды. Мысалы, Екатерина II-нің 1863 жылғы 8 сәуірдегі «қырғыз-қайсақтың шетелдік саудагерлеріне қысым көрсету туралы» Граф Воронцовқа берген атаулы Жарлығы, 1863 жылғы 2 тамыздағы шетелдік істер алқасына берілген атаулы Жарлық, Орынбор генерал-губернаторына берілген атаулы Жарлық, Орынбор губернаторына 1765 жылғы 11 сәуірдегі, «Қырғыз даласында асыл қазыналарды барлау және табу туралы» және т.б. берілген атаулы жарлық [2, 15-33 б]. Бұл заңнамалық материалдар Ресей империясының заңдарының толық жинағында жарияланбаған, сондықтан зерттеушілер үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Тағы бір орыс зерттеушісі А.Е. Алекторов "қырғыздар туралы кітаптар, журналдар мен газет мақалалар мен жазбалар" атты еңбегінде қазақ қолжазбаларын зерделеу қажеттігін көрсетеді. Осы кезеңдегі орыс дереккөздерінің жеке тобын ғылыми экспедициялардың нәтижелері құрайды (П.Румянцев, П. Семенов-Тянь-Шанский, В. Радлов, И. Мушкетов және т. б.), Ф.А. Щербинаның жерді пайдалану туралы материалдары, 1897 жылғы санақ құжаттары, Қазақстан облыстарында құрылған статистикалық комитеттердің есептері мен баяндамалары. Осы дереккөздерден қазақтардың тұрмысы, этнографиясы, әлеуметтік құрылымы, саны, жұмыспен қамтылуы туралы, Қазақстанның әртүрлі аудандарындағы көшпелі және отырықшы халықтың үлес салмағының арақатынасы туралы, жер учаскелерінің жай-күйі туралы, өндіргіш күштер, қатынас жолдары, салықтар және т. б. туралы мәліметтерді көруге болады. Қазақстанда орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір, Орынбор және Түркістан бөлімдері ашылды, бұл Қазақстан тарихы, оның тұрмысы, экономикасы, мәдениеті және т.б. бойынша көптеген мәліметтер мен материалдар қалдырды.

1830 жылы "отандық жазбалар" журналының беттерінде орыс офицері С.Б. Броневскийдің "Орта Орданың қырғыз-қайсақтары туралы жазбалары" атты еңбегі жарық көрді [3, 11 б], онда Солтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтарының тарихы, өмірі мен тұрмысы туралы толық мәліметтер берілді. Белгілі тарихшы А.И. Левшин (1799-1879 жж.) үш бөлімнен тұратын "қырғыз-қазақтардың немесе қырғыз-қайсақ, орда мен даланың сипаттамасы" атты еңбегін жазады. Мұнда ол өлкенің тарихы, этнографиясы мен географиясы туралы мәліметтерді қалдырады.

Дереккөздердің кең ауқымы негізінде Торғай облысының ветеринар дәрігері А.И. Добросмыслов "Торғай облысы тарихи эссе" [3, 23 б]. Мұнда Қазақ хандығының тарихы мен кіші жүздегі саяси оқиғалар жан-жақты баяндалады, ол XIX ғасырдың 60-жылдарындағы әкімшілік реформалардың барысы мен жүзеге асырылуын сипаттайды.

Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек қазақтардың әдеттегі құқығының "Кіші қырғыз Ордасында болған және ішінара қазіргі кездегі халықтық әдет-ғұрыптар" жинағын дайындады [3, 12 б]. Қазақстанда қызметі жұмысында Баллюзек шенеуніктерге, қазақ билері мен сұлтандарына қазақтардың қоғамдағы құқығы бойынша материалдар жинауды тапсырып, осы басылымды өңдеуге және басып шығаруға қатысты.

XIX ғасырдың ортасында М.М. Красовский "Сібір қырғыздарының облысы" атты үш томдық еңбек жазды, онда Солтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтарының өмірінен толық тарихи-статистикалық, географиялық және этнографиялық мәліметтер берілген.

1856 - 1857 жылдары ірі географ П.П. Семенов-Тянь-Шанский Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға сапар шекті. Ол Семей қаласында орыс географиялық қоғамының хатшысына хат жазды "қырғыздар мен Үлкен Орданың арасында жиі болу маған халықтардың әдет-ғұрыптарымен және өмірімен танысуға мүмкіндік берді, әсіресе қырғыз өмірінің ең жақсы білгірлері лейтенант сұлтан Шоқан Уәлиханов пен аудармашы Бардашевтің маған берген мәліметтері пайдалы болды" деген [4, 59 б]. П.П. Семенов - Тянь-

Шанскийдің еңбектерінде табиғи ресурстар мен дала аймағының әлеуметтік-экономикалық өмірінің барлық аспектілері туралы көптеген сипаттамалар берілген, оның еңбектері энциклопедиялық жинақ болып табылады.

Император шенеуніктерінің ресми позициясының қарсыласы экономист А.А. Кауфман болды. Ол жергілікті тұрғындардың "жерді пайдалану эволюциясы белгілі бір бағытта бұрыннан келе жатыр: ол қырғыздар орыстармен мүлдем байланыста болмаған кезде басталып, алға жылжыды" деп сенді [4, 101 б]. Сібір экономикасы бойынша күрделі еңбектердің авторы А.А. Кауфман шаруалардың қоныс аударуының пайдасына күмән келтірді. Ол сондай-ақ шетелдіктердің жақсаруына бейімділік туралы былай деп жазды: "жергілікті адам барлық жаңалықтарға барады, бірақ егер бұл жаңалық оған қосымша табыс рублін беретінін көрсе ғана" деген [4, 102 б]. Сібір облыстарының көшбасшысы Г.Н. Потаниннің еңбектерінде ауылдардағы жағдай туралы, кең аймақтың казак және казак халқының қарым-қатынасы туралы фактілер мен бақылаулары туралы ақпараттарды қалдырған. XIX ғасырдың 20-жылдарында казак даласы өңірі мен оның көшпелі тұрғындары төңірегіндегі ақпараттық ахуал біртіндеп өзгере бастады. Қазактар туралы көбірек әдебиеттер пайда болады, оның ішінде тек көшпелі казактарға арналған арнайы шығармалардың үлесі артып келді. Мұның басты еңбегі саяхат әдебиетіне қызығушылық танытқан екі орталық журналға тиесілі болды - "Еуропа хабаршысы" Н.М. Карамзин 1866 жылдан 1918 жылға дейін Санкт-Петербургте шығарылған орташа либералды бағыттағы орыс әдеби-саяси басылымы және 1818-1824 жылдары Санкт - Петербургте жарық көрген Г.И. Спасскийдің "Сібір хабаршысы", онда негізінен Сібірдің тарихы мен археологиясы туралы материалдар жарияланды. Негізінен жинақта шенеуніктердің, патша әкімшілігі шенеуніктерінің хат - хабарлары, сол оқиғаларға қатысушылардың естеліктері және т.б. осы жинақта жарияланған дереккөздерді пайдалана отырып, зерттелетін кезеңдегі Қазақстанның аумағындағы әлеуметтік - экономикалық және саяси жағдай туралы түсінік алуға болады. Жинақта С. Датовтың басшылығымен Кіші жүз аумағындағы көтерілістің себептері, ауқымы, барысы туралы мәліметтер бар. "Қазақстанның саяси құрылысының тарихы бойынша материалдар" жинағы [4, 105 б]. Кеңес заманында Қазақстанда "XVI-XVIII ғасырлардағы казак-орыс қатынастары" құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрді. Бұл жинақтарда Қазақ хандығының Ресейге қосылу процесін сипаттайтын, осы процестің болашақта қалай дамығанын көрсететін, М. Тевкелев елшілігінің қызметін сипаттайтын, казактардың Ресеймен қарым-қатынасының экономикалық және басқа жақтарын ашатын дереккөздер бар [4, 114 б].

Қазақстан тарихының отарлауы бойынша кейбір заңнамалық актілер мен деректі материалдар С.К. Жақыпбек, С.М. Машимбаев, М.Ж. Әбдіров, К.А. Жиренчиннің еңбектерінде жарияланды, олар проблеманы зерттеудің дереккөздік базасын толықтырды және кеңейтті. Қ. Құсайынұлы өзінің "XVIII-XIX ғасырлардағы казак - орыс қатынастары туралы құжаттарды оқи отырып" атты еңбегі бар [5, 97 б]. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалықтың жер саясатына талдау жасайды, 1822-1824 жылдардағы патшалық жүргізген әкімшілік реформалардың салдарын ашады, патшалық автократияның отаршылдық мәні бейнеленген. С. Ешмұхамбетов пен С. Жақсеевтің "казактар тарихынан" еңбегінде патша үкіметінің кейбір жарлықтары, 1731 жылдан 1896 жылға дейінгі жарлықтардың хронологиялық тізімі, олардың мазмұны қысқаша баяндалған. Тағы бір ұжымдық еңбек «Бөкей хандығының тарихы», 1801-1852 жж. Бөкей хандығының білім беру және даму мәселелері бойынша құжаттар мен материалдар жинағы. Бұл еңбек отаршылдық кезеңдегі Қазақстан тарихы бойынша деректі материалдармен дереккөздік базаны айтарлықтай толықтырады [5, 154 б].

Дереккөздердің жекелеген тобына Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталатын ережелер жобаларының ресми және бейресми басылымдарын, жазбаларды, ұсынымдарды, нұсқаулықтарды, басқарма патша аппараты мемлекеттік шенеуніктерінің жекелеген жинақтарын бөліп көрсетуге болады. Олардың ішінде: "Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы ереженің жобасы" (1867 ж.), "Азия Ресейінің губерниялары мен облыстарындағы қоныс аудару дел және жер құрылысы туралы заңдар жинағы" (1909 ж.), "дала жағдайын қайта қарау үшін Жетісу облысының әскери губернаторы құрған комиссияның қорытынды отырысының журналы" (1891 ж.), "Торғай облысының болыстық басқарушыларына, ауылдық старшиналарына және ауылдық съездеріне Нұсқаулық" (1894 ж.), "қырғыз далалары туралы ереженің жобасы" және т. б. [5, 204б]. Орыс заң зерттеушісі Б. М. Кочаков былай деп жазды: "заңнамалық актілер мемлекеттік аппарат шенеуніктерінің үстем таптың өкілдері және оның ерік - жігерін орындаушылар ретіндегі қызметін тікелей білдіреді. Сондықтан, ең алдымен, заң шығарушы материалды тартпай - ақ, үстем таптың саясатының тікелей қалдығы ретінде үкіметтік саясаттың тарихын зерттеу мүмкін емес" деген [6, 220б].

Көптеген зерттеушілер зерттелетін кезеңдегі Ресей мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихын зерттеу үшін заңнамалық дереккөздердің маңыздылығын жоғары бағалады. Көрнекті казак ғалымдары С.Д. Асфендияров, М. Тынышпаев, Е. Бекмаханов, Г.С. Сапарғалиев, С.К. Жақыпбек, С.З. Зиманов және басқалары заңнамалық құжаттарды зерделеу қажеттілігі туралы бірнеше рет жазды және өздері көптеген заңнамалық көздерді ғылыми айналымға енгізді [6, 320 б].

Мақалада орыс зерттеушілердің еңбектері Қазақ хандығы туралы негізгі мәліметтерді қарастырып кетті. Бұл мақаланың XVIII-XIX ғасырлардағы орыс деректеріндегі Қазақ хандығы туралы Ресей империясының зерттеулерін, материалдарын қамту және талдау жасалынды. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілердің маңызды орны анықталып және XVIII-XIX ғасырлардағы Ресей патшалығының құжаттарындағы деректерді талдаулық зерттеулер орыс дереккөздерінде көп болғанын айтуға болады. Негізінен Қазақ хандығының тарихнамасына шолу барысында орыс деректерінің ауқымдылығы көрінеді, әрине Ресей империясының қол астында болған кезде, Қазақ хандығының зерттелуі үлкен мәнге ие болды. Ресей заңдары, саясатының шынайы мәнін, жерді тартып алуын, қоныс аудару саясатын, орыстандыру, және, казак халқының

тәуелсіздігін жоғалтуын ашады. Осылайша, біз жүргізген тарихи дереккөздерге шолу әртүрлі кезеңдерде жарияланған немесе Ресей мен Қазақстан мұрағаттарының қорларында сақталған. Сонымен Ресей империясының зерттеушілерінің көбінің мақсаты Қазақ хандығы туралы этникалық, этнографиялық мәліметтер жинап, оның негізінде отарлау саясатын жасау екені анықталды. Бұл әлі күнге дейін мұрағаттарда сақталған көптеген құжаттардағы берілген мәліметтер зерттеліп, жариялануы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. — Казань, 1900. — 991 с.
2. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей/ И.И. Крафт. — Оренбург: Типография П.Н. Журинова, 1898. — 532с.
3. Сыздыкова Е.С., Вопросы истории Казахстана XIX века в трудах офицеров Генерального штаба Российской империи. - Астана: 2000.- 43 с.
4. Отепова Г.Е. История Казахстана на страницах Полного собрания законов Российской империи. — Павлодар: ПГПИ, 2009. — 169 с.
5. Жакыпбек С.К. История Казахстана (XVIII – начала XX в.). Сб. документов и материалов. — Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 314 с.
6. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Кн. 1, 2. - Алматы, 2000. - 417 с.

### АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Нұрлыбек М.Қ.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[kidralieva\\_a.b@mail.ru](mailto:kidralieva_a.b@mail.ru)

Қарағанды қ.

Арал теңізі - әлемдегі ең ірі теңіздердің бірі болған, бірақ қазіргі таңда оның көлемі бірнеше есеге қысқарып, экологиялық апаттың символына айналды. Оның тағдыры адамзаттың табиғатқа немқұрайлы қарауының зардаптары қандай болатынын көрсетеді. Арал теңізі соңғы 50 жылда шамамен 70%-ға кішірейді. Қазір тек теңіздің орнында тұзды шөл жатыр. Мұның себебі неде және бұл аймақтың экологиясы мен тұрғындарының өміріне қалай әсер етуде? Бүгінгі таңдағы Арал теңізінің бассейнінде әсіресе, оның қазақстандық бөлігінде аса бір ауыр экологиялық жағдай қалыптасқанын көзбен көре отырып, ол жөнінде жан-жүрегің сыздамай әңгіме қозғау мүмкін емес. Оның үстіне, табиғатты түгелдей қайта қалпына келтіреміз деген әу бастағы инициативаның екпіні де біраз бәсеңсіп қалғаны рас, тек ендігі жерде бұл мәселеде қайбірде жаңсақ басып, жауапсыздық танытқан тұстарымызды барынша байыпты түзету міндеті ғана тұр. Дегенмен, әр алуан ұсыныстармен қатар теңізді сақтап қалу және Арал өңірінің табиғатын қайта қалпына келтіру жөнінде аздық-көпті шаралар жүргізіліп те жатқаны бар. Бір кемшілігі, сол шаралардың түпкі нәтижесі аса бір ауыз толтырып айтарлықтай емес, әрі олар әдеттегідей баяу, тар ауқымда жүзеге асырылуда.

Деректерге сүйенер болсақ: мәселен, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің “Союзгипроводхоз” институты жергілікті жерлердің су ресурстарын үнемді пайдалану мақсатында 2000 жылдардың қарсаңында Әмудария мен Сырдария сағаларына (әрине, теңізге емес) жыл сайын 20 текше километр суды бағыттау шараларын белгілеп отыр. Менің ойымша, бұл дұрыс, бірақ бұл су аздық ететін сияқты, себебі Арал теңізінің көлемі тым азайған және де жойылып кету қаупі де бар. Сондықтан неғұрлым ұтымды әрі шұғыл шаралар керек. Олай жасамасақ, 5-10 жыл ішінде теңіздің қазіргі деңгейін қалпына келтіру қиынға соққалы тұр. Бассейннің аса ірі жинақталған жері-Арал теңізі таяу жылдарға дейін өзінің көлемі жағынан, тұйық теңіздердің ішінде елімізде екінші, ал дүниежүзі бойынша төртінші орын алып келді. Бірақ шындығына келсек, Аралдың теңіз емес көл екенін және де оның ешбір әлемдік теңізбен байланыспайтыны белгілі. Ол көп уақыттар бойы өзіне келіп құятын қуатты қос өзен-Әмудария мен Сырдарияның арқасында айдыншалқары төмендеп көрмеген теңіз аталып келді. Нәбәрі 25 жылдың, яғни адам өмірінің үштен бір бөлігіндей ғана мерзімде теңіз бейнесі адам танымастай күйге түсті. Сырдарияның ағысы едәуір бәсеңдеуінің нәтижесінде жылына бір мезгіл болып тұратын су тасқыны да тыйылды. Енді болса сол аймақтардың өзі суға деген зәруліктен зардап шегуде. Бұның соңы теңіз өңіріндегі кішкентай көлдердің құрғап кетуіне және қамысты жерлердің сиреуіне әкеліп соқтырғаны анық. Арал айдынының орта түсуі мен өзендер суының азаюы бұл өңірдің ауа-райына да әсер етті. Яғни, Арал өңірі территориясының климаты құрғақ, шөлді аймаққа айналу процесі жүріп жатқаны айқын байқалады. Ең маңыздысы, бұл жағдай еліміздің астығы мен дөңді дақылдарымыздың азаюына әкеліп жатыр [1, 122 б.] .

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы жанынан құрылған өндіргіш күштерді зерттеу Советінің деректеріне қарағанда, Қызылорда өңіріндегі жағдайлардың нашарлауы нәтижесінде шаруалықтар